**ИНСТИТУТ ПРИКЛАДНЫХ ЭТНОПОЛИТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ**
г. Астана, улица Алматы 7,
БЦ «Seven», 8-этаж

**ҚОЛДАНБАЛЫ ЭТНОСАЯСИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ**
Астана қ., Алматы к-сі 7,
БО «Seven», 8-қабат

Шығ. № 01-01/373
«22» 10 2022ж.

**Жоғары оқу орындарына**
*(тізім бойынша)*

Қазақстан Республикасындағы Президенттік сайлау қарсаңында **2022 жылғы 11 қарашада** Астана қаласында **«Сайлау белсенділігі азаматтық бірегейлік факторы ретінде»** тақырыбында жалпы республикалық ғылыми-практикалық конференция өтеді.

Іс-шараны Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Қазақстан халқы Ассамблеясы, Қолданбалы этносаяси зерттеулер институты және «AMANAT» партиясының Қоғамдық саясат институты ұйымдастырады.

Конференцияға депутаттар, орталық мемлекеттік органдар өкілдері, қазақстандық ғылыми-сараптамалық қоғамдастық мүшелері, шетелдік сарапшылар және басқа да мүдделі тұлғалар қатысады деп күтілуде.

Іс-шараның мақсаты сараптамалық қоғамдастықты сайлау белсенділігін қалыптастырудың өзекті процестерін талқылауға тарту, азаматтық бірегейлікті нығайту мен дамытудың одан әрі шаралары бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Осыған байланысты, университет өкілдерін, докторанттарды, магистранттарды және басқа да мүдделі тұлғаларын Конференцияға 2022 жылғы 11 қарашада офлайн немесе ZOOM-платформа арқылы онлайн режимінде тыңдаушылар ретінде қатысуға шақырамыз.

Растауды және қатысушылардың тізімін **2022 жылдың 3 қарашасына** дейін Қолданбалы этносаяси зерттеулер институтының электрондық мекенжайына **info@iaer.kz** жіберуді сұраймыз.

Өтетін орны: **Астана қ., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің кампусы.**

Өткізілген күні мен уақыты: **2022 жылғы 11 қараша, сағат 10:00 – 14:00.**

***Іссапар шығыстары жіберуші тараптың есебінен.***

*Қосымша ақпарат алу үшін ИПЭИ әдістемелік және білім беру бағдарламалары департаментіне хабарласуыңызды сұраймыз: +77172 472 826.*

**Директор** **Т.Б. Қалиев**

*Исп.: Б.Бегманова*
*Тел.: +77078931494*